



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2023 жылғы 24 мамырдағы  
№ ДС-184 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – АШТӨ) қолдауға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

2022 жылға арналған субсидиялар бойынша барлық борыштарды қысқа мерзім ішінде төлеу, 2023 жылы ағымдағы субсидияларға өтінім беру жүйелерінің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету және субсидиялар төлеу үшін бюджеттен қосымша қаражат бөлуді көздеу.

АШТӨ алдындағы 2022 жылғы қарыз (28 млрд теңгеден астам) толығымен өтелді. «Qoldau» жүйесінің тарихи деректері ауыл шаруашылығы бөлімдерінің жеке шоттарына көшірілді, Бірыңғай мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесінде төлемдерді қалыптастыру функционалы жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда субсидиялау жүйесі қалыпты жұмыс істеп тұр.

Биыл субсидиялардың жалпы көлемі 427,7 млрд теңгені құрады, оның 16,1 млрд теңгесі бюджетті нақтылау кезінде қосымша бөлінді.

*Форвардтық сатып алу көлемін өткен жылғы көрсеткіштерге дейін ұлғайтуға қатысты*

Ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу бағдарламасы аясында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы) ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізгеннен кейін төленетін қосымша төлем сомасын қоспағанда, 2023 жылға 21,2 млрд теңге көзделген.

*Анықтама: 2020 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу бойынша қаржыландыру көлемі 24,5 млрд теңгені, 2021 жылы – 39,5 млрд теңгені және 2022 жылы – 80 млрд теңгені құрады.*

Бұл ретте көктемгі егіс жұмыстарын (бұдан әрі – КЕЖ) уақтылы жүргізу үшін шаруаларды қолдау мақсатында Азық-түлік корпорациясы тауарлық кредит береді.

Осылайша, 2023 жылы КЕЖ-ге 73,5 млрд теңге, оның ішінде 21,2 млрд теңге форвардтық сатып алуға және тауарлық кредитке 52,3 млрд теңге (550 мың тонна \* 95 мың теңге/тонна) бөлінді.

Сонымен қатар форвардтық сатып алу көлемін ұлғайту мақсатында Азық-түлік корпорациясының жарғылық капиталын 70 млрд теңгеге ұлғайту бойынша бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі әзірленді.

*Ресейлік ауыл шаруашылығы өнімдерінің, оның ішінде астық, өнімдері, майлы дақылдар, сүт, ет және т.б. өнімдерге қолжетімділікті шектеу.*

Бүгінгі таңда ЕАЭО елдерінің аумағында тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асырмай еркін өткізу режимі жұмыс істейді.

Бұл ретте ресейлік өнімге қандай да бір шектеулер енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының экспорттық тауарларына қатысты қарсы шаралар қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге Ресей Федерациясының шекаралас облыстарынан бидай импорты және оны автомобиль көлігімен кері экспорттау сияқты көлеңкелі сауданы жоққа шығару мақсатында биылғы жылғы 29 наурызда Сыртқы сауда жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында Қазақстанға автокөлікпен бидай әкелуге тыйым салу туралы шешім қабылданды.

*Анықтама: 6 ай мерзімге «Қазақстан Республикасының аумағына автокөлікпен бидай әкелуге тыйым салу туралы» 2023 жылғы 10 сәуірде Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы қабылданды.*

Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау министрліктерінің, Мемлекеттік кірістер, Техникалық реттеу және метрология комитеттерінің қатысуымен саудадағы техникалық кедергілер, сондай-ақ қауіпсіз өнімдердің импорты мен айналымы мәселелері бойынша ахуалдық штаб құрылды, оның шеңберінде Ресей Федерациясынан әкелінетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы бойынша нысаналы бағыттағы жұмыстар жүргізілуде.

*Қысқа мерзімде тұрақтандыру қорына кемінде 1 млн тонна бидай сатып алу интервенциясын жүзеге асыруға қатысты*

Азық-түлік корпорациясы жыл сайын коммерциялық мөлшерлеме бойынша қарыз қаражаты есебінен астық сатып алады.

Бұл ретте борыштық ковенанттың құны ең жоғары максимумға жетті (2022 жылдың соңында оның мәні 2,83 құрады), бұл астықтың ұсынылған көлемдерін сатып алуға қаражат тарту мүмкіндігін шектейді.

Бір тоннасы 90 мың теңге болатын 1 млн. тонна бидайды /тонна тікелей сатып алу мақсатында 94,8 млрд теңге көлемінде бюджет қаражатын бөлу талап етеді, бұған элеваторларда астықты сақтауға жұмсалатын 4,8 млрд теңге шығыстары да кіреді.

Бұл мәселені республикалық бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып қарастыру жоспарлануда.

*Күнбағыс тұқымдарынан экспорттық баж салығын алып тастауға қатысты*

2023 жылы күнбағыс тұқымдарын тоннасына 100 еуродан кем болмайтын бағада экспорттау үшін экспорттық кедендік баждардың (бұдан әрі – ЭКБ) 20% мөлшерлемелері белгіленді. Бұл шаралар Қазақстанда 2022 жылы күнбағыс майы өндірісінің 62%-ға (2021 жылы 331 мың тонна, 2022 жылы 537 мың тонна өндірілген) өсуіне және ішкі нарықтың молығын бағаның тұрақтануына ықпал

етті.

Бұл ретте ЭКБ пайдалану экспортты шектемейді, барлық қазақстандық экспорттаушылар үшін экспортқа тең қолжетімділік сақталады.

*Анықтама: ағымдағы жылдың соңғы үш айында экспортталған кұнбағыс көлемі 2022 жылдың тиісті кезеңіндегі экспорт көлемінен 2 есе көп (2022 жылы – 70,9 мың тонна, 2023 жылы – 139,3 мың тонна).*

*Ресей рублінің теңгеге бағамын 1:7-8 аралығында теңестіру үшін монетарлық саясатты реттеу*

Ұлттық Банк бағалардың орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында ақша-кредит саясатын қалыптастыруды көздейді теңгенің құбылмалы айырбас бағамы кезіндегі инфляциялық таргеттеу режимінде жүргізеді, бұл айырбас бағамы валюта нарығындағы сұраныс пен ұсынысқа байланысты.

Құбылмалы еркін теңге бағамы экономикадағы теңгерімсіздіктердің жинақталуына жол бермейтін сыртқы ортаның өзгерістеріне бірден ден қоюға мүмкіндік береді, сонымен қатар сауда балансын теңестіруге және елдің алтын-валюта қорын сақтауға көмектеседі.

Осыған байланысты Ұлттық Банк өзінің ақша-кредит саясатын жүзеге асыруда және, құралдар жүйесін құруда пайыздық саясатқа басты назар аударады.

Ақша-кредит саясатының негізгі құралы инфляцияға қатысты мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін деңгейде белгіленетін базалық мөлшерлеме болып табылады. Базалық мөлшерлеменің деңгейі туралы шешім макроэкономикалық көрсеткіштерді талдау негізінде және болжамды инфляцияның нысаналы индикаторларға сәйкестігі негізінде қабылданады.

*Инфляцияны төмендету және жергілікті тауарлар өндірушілерді қолдау мәселесін реттеу*

Инфляциялық процестерді бәсеңдету мақсатында 2022 жылдан бері инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда, ол ішкі нарықтағы отандық тауарлардың үлесін арттыруға бағытталған шараларды іске асыруды, тауарларды сақтау және тасымалдау тетіктерін әзірлеуді, бөлшек сауданы қолдауды, бағаны бақылауды, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеуді көздейді.

Сондай-ақ еліміздің негізгі азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі толық қамтамасыз етуі мақсатында 2024 жылға дейін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары жүзеге асырылуда.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын кезең-кезеңімен тұрақтандыру қамтамасыз етілуде.

**Ә. Смайылов**